

## ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКОМ СТАНОВЛЕНИИ ЛИЧНОСТИ

УДК 37.  
ББК 74.04

Т.А. Абитаева<sup>1</sup>, И.А. Рзаханов<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Орталық Қазақстан академиясы (Қарағанды, Қазақстан)

### АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Бұл мақала қазіргі білім беру мәселелерінің педагогикалық ерекшелігін, мамандар даярлаудағы өзекті аспектілерді талдауға бағытталған.*

*Түйін сөздер:* ақпарат, ақпараттық технология, мамандар даярлау, білім беру, педагогикалық процесс.

Т.А. Абитаева<sup>1</sup>, И.А. Рзаханов<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Центрально-Казахстанская Академия (Қарағанда, Қазақстан)

### ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

*Данная статья направлена на изучение актуальных аспектов в подготовки кадров и раскрывает педагогические особенности современного образовательного процесса.*

*Ключевые слова:* информация, информационные технологии, подготовка кадров, образовательный процесс, педагогический процесс.

Т.А. Abitayeva<sup>1</sup>, I.A. Rzakhstanov<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Central Kazakhstan Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan

### PEDAGOGICAL FEATURES OF THE USE OF INFORMATION TECHNOLOGIES

*This article is aimed at studying the relevant aspects of personnel training and reveals the pedagogical features of the modern educational process.*

*Keywords:* information, information technologies, personnel training, educational process, pedagogical process.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің алдында тұрған міндеттерінің ақпарат әдістері мен құралдарын қолданбай жүзеге асырылу мүмкін емес. Қазіргі кезде білім беруді ақпараттандыруда оқу үрдісіне ақпараттық технологияларды енгізу, оларды қолдану үрдісі ақпараттық қоғам алдында тұрған қажеттіліктермен шарттасуы үлкен мәнге ие. Оқытудың ақпараттық технологияларын қолдану болашақ мамандарға өзінің кәсіби іс-әрекетінде еркін бағдарлануға мүмкіндік береді. Оқу үрдісі ақпараттық технологияларды қолдану танымдық белсенділікті жоғарылатады, оқыту барысында жағымды мотивацияны қамтамасыз етеді.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың біліктілігін арттыру процесі қазіргі заман міндеті.

Ақпараттық коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, ақпараттық коммуникациялық технология интерактивті тақтаны қолдануға, Интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Жедел дамып отырған ғылыми – техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ақпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен

қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық – коммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарады. Білім беру саласында электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, теле-конференция коммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуы керек.

Ақпараттық коммуникациялық технологияны пайдалану жөніндегі қызметтің мақсаты: үйренушінің шығармашылық әлеуетін дамыту; коммуникативтік әрекеттерге қабілетті болуды дамыту; сараптамалық – зерттеу қызметі дағдыларын дамыту; оқу қызметі мәдениетін дамыту; оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерін қарқындыландыру, оның тиімділігі мен сапасын арттыру; қазіргі қоғамның ақпараттануымен байланысты пайда болатын әлеуметтік тапсырысты өткізу.

Мұғалімнің ақпараттық коммуникациялық технологиялардың пайдалану жөніндегі қызметі табиғатының, оның мақсаттарының өзінің сапалық өзгеруі оқыту мақсатында ақпараттық коммуникациялық технология пайдалану дағдысына әсер ету жолымен мүмкін болуы мүмкін.

Оқытудың технологиясының тиімділігі оқытушының оны жүзеге асыру сапасына және технологияны меңгеру деңгейіне тәуелді. Қайта даярлау жүйесі оқыту технологиясын толыққанды жүзеге асыру деңгейіне педагогтың іс-әрекетін көшіруге бағытталуы керек. Білім беруді ақпараттандыру және технологияландыру үдерісі оның үздіксіз дамуы мен жүзеге асырылуы болып табылады. Педагогтарға бейімделуші білім керек, яғни қайта даярлаудың мерзімді жанаруы олардың кәсіби сапаларына өзгермелі талаптар деңгейінде кәсіби және басқа да қабілеттерді қолдау мақсатында жүреді. Білім берудің басты мақсатының бірі – білім алушыда ақпараттық мәдениет қалыптастыру. Көптеген мамандықтар үшін тұлғаның барлық кәсіби өмірі барысында үздіксіз білім беру қажеттігі туындайды.

Жаңа ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде қолдану мамандар даярлаудың сапасы мен тиімділігін арттырады. Сонымен қатар оқытушы мен студент арасындағы өзара диалогтық режимді құруға мүмкіндік береді. Мұндай өзара әрекет ақпарат алмасу процесін жеңілдетеді. Ақпараттық технологияларды қолданудың негізгі сипаттамалары студенттердің шығармашылық танымдық белсенділігін дамыту мүмкіндігі болып табылады.

Оқу үрдісін жаңа ақпараттық технологиялар негізінде ұйымдастыру үшін көптеген оқу бағдарламалары мен оқу құралдары жасалынды. Мұндай бағдарламалардың ішінде ең маңыздысы ақпарат алмасуын қарастыратын интерактивті оқыту бағдарламалары және студенттердің ақыл-ой қабілетін дамытып оқу мәселесін шешуде олардың қызығушылығын арттыратын дамытушы бағдарламалар болып табылады. Компьютерлік бағдарламаларды электронды және мультимедиялық оқулықтарға жиі біріктіреді [1, 376.].

Оқытудың дәстүрлі әдістері мен құралдарының компьютермен біріге үйлесе қызмет атқаруы студенттердің үлгерімін жоғарылатып, өзіндік жұмыс дамуын қалыптастырады. Өзіндік жұмыс кез келген оқытудың маңызды компоненті болып табылады. Болашақ мамандардың білімі мен іскерліктеріне қазіргі ақпараттық кеңістіктің даму темпінде жаңа талаптар мен жоғары біліктілік деңгейіне жету енеді. Оқыту және өзіндік оқыту процесінің өзгерісі барысында, студенттердің өзіндік жұмыстарына жақсы ұйымдастырылған және ғылыми негізделген әдістемелік қамтамасыз етілген жағдайда бағдарлану білім беру процесінің сапалық көрсеткіштерін арттырып, шығармашылықтың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады. Танымдық процесс өзіндікті дамытып, оқытуда белсенділік принципін жүзеге асырады. Компьютермен жұмыс жасау студенттерге дайын материалмен жұмыс жасауға қарағанда қызықты болады. Өзіндік жұмыс материалдары әртүрлі формада болуы мүмкін және оқыту функциясы студенттердің осы материалмен жұмыс жасауын басқаруда көрінеді.

Білім беру үрдісіне ақпараттық технологияларды енгізу нәтижелері оның дамуының жағымды факторы болып саналады және осы фактордың педагогикалық жүйенің құрылымдық элементтеріне әсерін есепке ала отырып, ақпараттық технологияларды заңдылықты педагогикалық іс-әрекет ретінде анықтауға болады. Бұл іс-әрекет педагогикалық жүйенің әрбір құрылымдық элементін өңдеудегі ақпараттық технологиялар жетістігін жүзеге асырады [2, 136.].

Білім беру саласындағы ақпараттандыру оқу жоспарларының, бағдарламаларының, оқулықтардың, әдістемелік нұсқаулардың түзетуіне әкеледі.

Ақпараттық технологиялар саласы тез дамиды. Ақпараттық технологиялардың бейнесі мен мазмұны өзгереді, олар адам өмірінің барлық саласына еніп, оның болмысын өзгертеді. Ақпараттық технологиялардың тез өзгермелі кеңістігіне бейімделу үшін жаңа технологияларды тұрақты зерттеп отыру қажет. Бұл жағдайда меңгерілген технологиялардың дағдысы жеткілікті емес, кез келген ақпараттық технологияларды құрудың негізгі заңдылықтарын, яғни ақпараттық технологиялардың ғылыми негізін білу керек.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім беру мәселесінің шешімі педагогтардың кәсіби дайындықтарынан басталады. Мұндай мамандарды даярлауда қазіргі заманға ақпараттық және байланыс технологиялары саласында негізгі дайындық болуы керек.

Жаңа технологиялардың білім кеңістігіндегі ақпараттық технологиялар арқылы байқалады. Білім мазмұны мен оқу үдерісінде қолданылатын дербес компьютерлер, олардың жұмыс жасау принциптері мен функциялары бағдарламалық қамсыздандыру мен жаңа ақпараттық технологияларға байланысты. Ақпараттық – технологиялық төңкеріс адам өмірі мен халықтың тіршілігіндегі ақпараттық әрекет ретінде қалыптасады. Әр әлеуметтік технологиялық төңкеріс негізінде ерекше технологиялық жүйелер болады.

Ақпараттық төңкерісте ақпараттық технологиялар ерекше мәнге ие. Ақпараттық технологиялар материалдық қана емес, білім жүйесін де түбірімен өзгертті.

Кейінгі кезде дәстүрлі оқу үдерісінің тиімділігін арттырудың бір шарты ретінде басқа салалардың технологиялық тәжірибелерін игеру жолға қойылған. Жаңа технологиялардың білім кеңістігіндегі ассимиляциясы ақпараттық технологиялармен байқалады.

Қазіргі өркениет дамуында ақпараттық қоғамды келесідей сипаттауға болады:

- ақпарат пен білім ролінің артуы, ақпарат нарығын құру және дамыту;
- адамдардың тиімді ақпараттық өзара әрекетін қамтамасыз ететін ғаламдық ақпараттық кеңістікті құру;
- білім беру жүйесін жүзеге асыру арқылы кәсіби және жалпы мәдени даму деңгейін жоғарылату.

Ақпараттық технологияларды құру және қолдану үдерісінде ерекше рольді жоғары білім беру жүйесі алады. Ол білікті жоғары интеллектуалды мамандар көзі, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің қуатты базасы болып табылады. Білім беру жүйесінің сипаттық ерекшелігі, бір жағынан – ол тұтынушы, екінші жағынан - әртүрлі сферада қолданылатын ақпараттық технологиялардың құрушысы. Бұл білім беруді ақпараттандырудан қоғамды ақпараттандыруға көшу концепциясын тәжірибелік түрде жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Ақпаратты беру білім, мәдениетті беру емес, сондықтан ақпараттық технологиялар педагогтарға өте тиімді, бірақ көмекші құрал бола алады.

Ақпараттық технологиялар жайлы анықтамаларды талдай отырсақ: бір жағынан нақты бір ғылыми бағытты білдіреді, екінші жағынан ақпаратпен жұмыс істеудің нақты тәсілі: ақпараттық ресурстармен жұмыс істеудің тәсілдері мен құралдары жайлы білімдер жиынтығы, сондай-ақ зерттелетін объект жайлы жаңа мәліметтер алу үшін ақпаратты жинау, өңдеу және беру тәсілдері мен құралдары [3, 356].

Білім беруді ақпараттандырудың негізгі бағыттары ретінде білім беру үрдісін басқару механизмдерін оқу-педагогикалық ақпарат мәліметтері, ақпараттық-әдістемелік материалдар, коммуникациялық желілер негізінде жүзеге асыру; қоғамның ақпараттандырылуы жағдайларына сай тұлға дамуының міндеттеріне байланысты оқыту мен тәрбиенің мазмұн, әдістер және формаларын таңдау тәжірибесі мен әдіснамасының дамуы; ақпаратты өңдеуге байланысты оқу, зерттеушілік және өзіндік іс-әрекеттің басқа да түрлері арқылы білімді өздігінен алу қабілетін қалыптастыруға, білім алушының мүмкіндігін дамытуға бағдарланған оқыту жүйесін құру; білім алушылардың білім деңгейін бақылау мен бағалаудың компьютерлік, тестілік және диагностикалық әдістерін қолдану мен өңдеу; ақпараттық қоғамда кәсіби іс-әрекетті сипаттайтын оқытудың жаңа әдістері мен формалары жүйесін құру болып табылады.

#### Әдебиеттер:

1. Методическая подготовка преподавателя к работе в условиях информационно-коммуникационной технологии / Курманалина Ш.Х. // Самара. – 2019.
2. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. Под ред. Е.С. Полат - М.: Академия, 2015.
3. Обновление методического обеспечения учебного процесса в условиях информатизации образования. Монография / Чекалова Н.Б., Курманалина Ш.Х. – Омск. – 2017.

#### Сведения об авторе (авторах):

Т.А. Абитаева<sup>1</sup>, И.А. Рзаханов<sup>2-1,2</sup> Орталық Қазақстан академиясы (Қарағанды, Қазақстан)  
Т.А. Абитаева<sup>1</sup>, И.А. Рзаханов<sup>2-1,2</sup> Центрально-Казахстанская Академия (Қарағанда, Қазақстан)  
Т.А. Abitayeva<sup>1</sup>, I.A. Rzakhanov<sup>2-1,2</sup> Central Kazakhstan Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan